

## "Фильмге прокаттау куәлігін беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 208 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8268 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2014 жылғы 18 наурыздағы № 1 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет министрінің 18.03.2014 № 1 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 2-тармағына сәйкес және «Электрондық мемлекеттік қызметтің үлгі регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1116 қаулысын жүзеге асыру мақсатында,

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Фильмге прокаттау куәлігін беру» электрондық мемлекеттік қызметінің регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өтуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. «Фильмге прокаттау куәлігін беру» мемлекеттік қызметінің регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 10 қыркүйектегі № 143 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7928 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 20 қыркүйектегі № 689-693 (27765) жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Д. Мыңбай*

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан

Республикасы

Көлік

және

коммуникация

министрі

А.

Жұмағалиев

-----  
2012 жылғы « »

Қазақстан

Республикасы

Мәдениет

және

ақпарат

министрінің

2012

жылғы

11

желтоқсандағы

№

208

бұйрығымен

бекітілген

## **«Фильмге прокаттау куәлігін беру» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Фильмге прокаттау куәлігін беру» электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - Қызмет) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) мына мекенжайда көрсетеді: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, № 527-кабинет және мемлекеттік қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы: [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) арқылы алуға б о л а д ы .

2. Қызмет «Мәдениет саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 83 қаулысымен бекітілген «Фильмге прокаттау куәлігін беру» стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара а в т о м а т т а н д ы р ы л ғ а н .

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі - бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін

калыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

3) алушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке немесе заңды тұлға;

4) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

5) «электрондық үкіметтің» веб–порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮП);

6) «электрондық үкіметтің» шлюзі – электрондық қызметті іске асыру аясында «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ);

7) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі – ЭЦҚ);

8) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

9) мемлекеттік электрондық қызметтер – ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

10) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

11) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры – автоматты жинауға, сақтауға және ақпараттарды өңдеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіргішін енгізу мақсатында жеке сәйкестендіргіш нөмірінің Ұлттық реестрін құру және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және құзыреті аясында мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және нақты ақпарат ұсынуға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ МДҚ);

12) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры – автоматты жинауға, сақтауға және ақпараттарды өңдеуге, Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіргішін енгізу мақсатында бизнес-сәйкестендіргіш нөмірінің Ұлттық реестрін құру және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және құзыреті аясында мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және нақты ақпарат ұсынуға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗТ МДҚ);

13) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу

үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект (алушы, қызмет кәсіпорні);

14) құрылымдық-функционалды бірліктер – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі (бұдан әрі – ҚФБ).

## **2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет көрсетуші әрекетінің тәртібі**

6. ЭҮП арқылы қызмет көрсетушінің реттік іс-әрекеті (ЭҮП арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өз-ара функционалды әрекет етудің № 1-диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген:

1) алушы ЖСН/БСН және пароль көмегімен ЭҮП тіркеуді жүзеге асырады (ЭҮП тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1 үдеріс – қызметті алу үшін алушымен ЭҮП ЖСН/БСН және парольді енгізуі (авторландыру үдерісі);

3) 1 шарт – ЖСН/БСН және пароль арқылы тіркелген алушы туралы деректердің дұрыстығын ЭҮП тексеру;

4) 2 үдеріс – алушының деректерінде бұзушылықтардың болуымен байланысты, ЭҮП авторландырудан бас тарту хабарламасын қалыптастыру;

5) 3 үдеріс – алушымен осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсету үшін сұраныс формасы экранға шығару және Стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды электрондық түрде бекітумен алушының форманы оның құрылымдық және пішіндік талаптарына сай толтыруы (мәлімет енгізуі), сұрау салу формасына қажетті құжаттардың көшірмелерін электронды түрде қыстырумен, сондай-ақ сауал салуды куәландыру (қол қою) үшін алушымен ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

6) 2 шарт – ЭҮП ЭЦҚ тіркеу куәлігінің әрекет ету мерзімін және тізімде қайтарып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің болмауын, сондай-ақ сәйкестендірме деректерінің (сауал салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН) сәйкестігін тексеру;

7) 4 үдеріс – алушының ЭЦҚ шынайылығының расталмауына байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құрастыру;

8) 5 үдеріс – қызметті көрсету үшін сауал салуды алушының ЭЦҚ көмегімен куәландыру және электрондық құжатты (сауал салуды) ЭҮП арқылы қызмет көрсетушімен өңдеу үшін қызмет көрсетушінің АЖО жолдау;

9) 6 үдеріс – электрондық құжатты қызмет көрсетушінің АЖО тіркеу;

10) 3 шарт – қызмет көрсетушімен тұтынушы қыстырған құжаттардың

Стандартта көрсетілген және қызметті көрсету үшін негіздерге сәйкестігін  
т е к с е р у ( ө н д е у ) ;

11) 7 үдеріс – алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынған қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қ ұ р а с т ы р у ;

12) 8 үдеріс – алушымен қызмет көрсетушінің АЖО қалыптастырылған қызметтің нәтижесін (электрондық құжат нысанында прокаттау куәлігін) алуы. Электрондық құжат қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ п а й д а л а н у м е н қ ұ р а с т ы р ы л а д ы .

7. Қызмет көрсетушінің шешімі және реттік іс-әрекеті (қызмет көрсетуші арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өз-ара функционалды әрекет етудің № 2 - д и а г р а м м а с ы ) :

1) 1 үдеріс – қызмет көрсетуші қызметкерінің қызметті көрсетушінің АЖО қызметті көрсету үшін ЖСН/БСН және парольді енгізу үдерісі (авторландыру ү д е р і с і ) ;

2) 2 үдеріс – қызмет көрсетуші қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсетуге арналған сауал нысанын экранға шығаруы және қызмет көрсетуші қызметкерімен алушының деректерін енгізуі;

3) 3 үдеріс – ЭҮШ арқылы ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ алушының деректері туралы с а у а л с а л у д ы ж о л д а у ы ;

4) 1 шарт – алушы деректерінің ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ болуын тексеру;

5) 4 үдеріс – ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ алушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны құрастыру;

6) 5 үдеріс – қызмет көрсетуші қызметкерінің алушымен ұсынылған сауал салу нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуын белгілеу бөлігінде толтыруы, оларды сауал нысанына бекітуі және қызмет көрсетуге толтырылған сауал нысанын (енгізілген деректерді) ЭЦҚ арқылы куәландыруы;

7) 6 үдеріс – электрондық құжатты қызмет көрсетушінің автоматтырылданған жұмыс орнына (бұдан әрі – АЖО) тіркеу;

8) 2 шарт – қызмет көрсетушімен қосылған құжаттардың Стандартта көрсетілгенмен және қызметті көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеру (өңдеу);

9) 7 үдеріс – алушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынған қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қ ұ р а с т ы р у ;

10) 8 үдеріс – қызмет көрсетушінің АЖО-да қалыптастырылған алушымен мемлекеттік қызмет нәтижесін (электрондық құжат нысанында прокаттау к у ә л і г і н ) а л у ы .

8. Қызметке сұрау салу және жауап алуды толтыру экрандық нысандары осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

9. Электронды мемлекеттік қызмет бойынша сұрау салуды өңдеу нәтижесін карауға: ЭҮП-дағы «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде және қызмет көрсетушіге жүгінгенде мүмкіндік беріледі.

10. Қызмет көрсету жөнінде қажетті ақпарат пен кеңесті call-орталығының (1414) телефоны арқылы алуға болады.

### **3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

11. Қызметті көрсету үрдісіне қатысатын ҚФБ:  
қызмет көрсетуші;  
ЭҮП;  
ЭҮШ;  
қызмет көрсетушінің АЖО;  
ЖТ МДҚ / ЗТ МДҚ;  
БНАЖ.

12. Әр іс-қимылдың орындалу (процедура, функция, операция) әрекетінің жүйелілігі мен мерзімі көрсетілген тақталы мәтіндік сипаттамасы осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

13. Іс-әрекеттің (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үрдісінде) логикалық жүйелілігі мен оның сипаттамасы арасындағы сәйкестікті көрсететін өзара байланыс диаграммасы осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

14. Хабарландыру нысаны, бланк шаблонуна сәйкес ұсынылуға тиіс электрондық мемлекеттік қызметті көрсету оң нәтижесі осы Регламенттің 4-қосымшасына сәйкес көрсетілген.

Теріс жауап берудің нысаны, бас тарту негіздемесінің мәтіні көрсетіле отырып, еркін хат түрінде ұсынылады.

15. Алушыға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

16. Алушыға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үрдісіне қойылатын т а л а п т а р :

1) құпиялылық (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттарды алудан қ о р ғ а у ) ;


2) тұтастық (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттардың өзгеруінен қ о р ғ а у ) ;

3) қолжетімділік (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттар мен қорларды ұ с т а у д а н қ о р ғ а у ) .


17. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге техникалық талаптар:

- 1) ғаламторға шығу;
  - 2) қызмет көрсетілетін тұлғаның ЖСН/БСН болуы;
  - 3) ЭҮП авторизациялану;
  - 4) пайдаланушының ЭЦҚ болуы.
- «Фильмге прокаттау куәлігін беру»  
электрондық мемлекеттік қызмет  
көрсету регламентіне  
1-қосымша

**ЭҮБ арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылдың № 1 диаграммасы**














**Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылдың № 2 диаграммасы**



**Ш а р т т ы**

**б е л г і л е р :**

-  Бастапқы хабарлама
-  Аяқтаушы хабарлама
-  Аралық хабарлама
-  Аяқтайтын қарапайым оқиға
-  Қате
-  Ақпараттық жүйе
-  Үдеріс
-  Шарт
-  Басқару ағымы
-  Хабарламалар ағыны
-  Түпкілікті пайдалануға ұсынылатын электронды құжат

«Фильмге прокаттау куәлігін беру»  
 электрондық мемлекеттік қызметі



## Электрондық мемлекет қызметінің экрандық нысандары

### 1-сурет. 1-қадам. Пайдаланушыны авторизацияландыру

Заңнама Электрондық лицензиялау Салық төлеушінің кабинеті Азаматтар мен үкімет Кіру немесе тіркелу

**e.gov** МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу   Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Call-орталық **1414** ҚАЗ  
8-800-080-7777 РҮС  
(қоңырау шалу тегін) ENG

Негіз

### Порталға кіру

ЖСН немесе БСН:

Пароль:

[Парольді ұмыттыңыз ба?](#) [Тіркелу](#)

[ЭЦҚ сертификатымен кіру](#)

#### «Электрондық үкімет» порталына қош келдіңіздер!

«Электрондық үкімет» порталын пайдаланушыларға жүзден астам [интерактивтік және транзакциялық қызмет](#) ұсынады. Порталда жылжымайтын мүлік, білім беру және инновациялар, мәдениет, жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру, азаматтық және адамның өмір сүру салаларындағы басқа да тақырыптық тараулар бойынша ондаған электрондық қызмет пен пайдалы ақпарат ұдайы түрде пайда болып отырады.

Портал көмегімен мемлекеттік органдарға жүгінуге қатысты күнделікті өмірдегі мыңдаған проблемаларды шешуге болады: мекенжай анықтамасын, зейнетақы аударымдары туралы үзінді жазба, ӘЖК алу, [коммуналдық қызметтерді төлеу](#), сәбиді бала-бақшаға кезекке қою, дәрігер қабылдауына жазылу және т.б..

«Электрондық үкімет» порталы сондай-ақ азаматтар мен үкімет қатынасының интерактивті алаңы болып табылады, бұл жерде әрбір пайдаланушының облыс әкімдеріне өз сұрақтарын қоюына, бірінші басшылардың әлеуметтік желілердегі парақтарына кіруіне, [қабылдауға жазылуына](#), қажетті мемлекеттік органға өз [электрондық сұранымын](#) жолдауына мүмкіндік беріледі.

Сіз кері байланысты немесе [www.1414.kz](http://www.1414.kz) пайдалану арқылы қызметтерді талқылауға қатысып, порталды жетілдіруге де өз үлесіңізді енгізе аласыз.

Құжатты тексеру

- Кызметтерді тексеру
- Чектерді тексеру

Пікір қалдырыңыз

### 2-сурет. 2-қадам. Электрондық қызметті таңдау

Заңнама Электрондық лицензиялау Салық төлеушінің кабинеті Азаматтар мен үкімет АРУСОВ АЙДОС

**e.gov** МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу  
Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Call-орталық **1414** ҚАЗ  
**8-800-080-7777** РУС  
(қоңырау шалу тегін) ENO

Азаматтарға Бизнеске

Отбасы Жылжымайтын мүлік  
Денсаулық сақтау Салық және қаржы  
Білім Құқықтық көмек  
Жұмысқа орналастыру Көлік және коммуникация  
Өлеуметтік қамсыздандыру Туризм және спорт  
Азаматтық көші-қон және иммиграция Әскери есеп және есептілік

Онлайн қызметтер бір тізімде Мемлекеттік органдар бойынша қызметтер

**ЭЦҚ алу**

**Азаматтар мен үкімет**  
Интернет-конференция, қызмет жобаларын талқылау, Электрондық жүрілу, Министрдің қабылдауына жазылу, Бірінші басшылардың блогтары, Ресми тұлғалар, ҚР мемлекеттік органдары

**Танымал электрондық қызметтер**

- Коммуналдық қызметтерді төлеу
- Жеке тұлғалардың көлік салығын төлеу
- Жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін айыппұл төлеу
- Зейнетақы аударымдары туралы анықтама алу
- Мекенжай анықтамасын алу

**ХҚКО**

- ХҚКО электрондық кезекті брондау
- ХҚКО бойынша байланыс апаратылары

**Құжатты тексеру**

- Қызметтерді тексеру
- Чектерді тексеру

Портал жаңалықтары

2013 жылғы 10 қаңтар Алматыда мамандандырылған ХҚКО ашылды. [Толығырақ](#)

2012 жылғы 13 желтоқсан Алматыда электрондық үкіметті дамыту мәселері бойынша Ауғанстан мемлекеттік құрылымының IT-менеджерлеріне арналған семинар басталды. [Толығырақ](#)

2012 жылғы 10 желтоқсан Көлік және коммуникация министрлігінің төрағалық етуімен ҚР электрондық үкіметінің сәулеті жөніндегі сараптама кеңесі өз жұмысын бастады. [Толығырақ](#)

[Жаңалықтар мұрағаты](#)

www.egov.kz/wps/myportal/Content?contentPath=/egovcontent/house&lang=kk

### 3-сурет. 3-қадам. Сұранысты таңдау

Заңнама Электрондық лицензиялау Салық төлеушінің кабинеті Азаматтар мен үкімет АРУСОВ АЙДОС

**e.gov** МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу  
Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Call-орталық **1414** ҚАЗ  
**8-800-080-7777** РУС  
(қоңырау шалу тегін) ENO

Негізі → Бизнес → Авторлық құқық, мәдениет және БАҚ

Авторлық құқық, мәдениет және БАҚ

Мәдениет Қызметтер (5)

- Жеке кәсіпкерлер үшін фильмге прокат кәулігін беру
- Заңды тұлғалар үшін фильмге прокат кәулігін беру
- Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізуге асыру
- Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру
- Мәдени құндылықтарды уақытша әкетуге және әкелуге рұқсаттар беру

© Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі  
Портал туралы Сайт картасы Кері байланыс

Қатені байқадыңыз ба? Белгілеп, үстінен басыңыз. Ctrl Enter

Қазір порталда : 1227  
Бүгін келіп кеткендер : 10298

www.egov.kz/wps/myportal/Content?contentPath=/egovcontent/bus\_int\_property/culture/\_passport/pass556\_mki&lang=kk

## 4-сурет. 3-1 қадам. Өтінішті толтыру

Заңнама Электрондық лицензиялау Салық төлеушінің кабинеті Азаматтар мен үкімет АРУСОВ АЙДОС

**e.gov** МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу  
Мысалы: *Мекенжай анықтамасы*

Сайл-орталық **1414** ҚАЗ  
**8-800-080-7777** РУС  
(қоңырау шалу төгін) ENG

Недісі Көмек

### Фильмге прокат күзегіні беру

1 Қадам Деректерді толтыру 2 Қадам Қол қою

Назар аударыңыз, егер анықтамада қажетті мән табылмаса, он-лайн режиде мәнді енгізу үшін Мәдениет министрлігінің қызметкеріне 8 (7172) 740401 телефоны бойынша хабарласыңыз

**Өтініш беруші туралы ақпарат:**

ЖСН :	761009301949
Тегі :	АРУСОВ
Аты :	АЙДОС
Әкесінің аты:	ЕРМЕКОВИЧ
Туған күні:	09.10.1976
Жеке күзегінің нөмірі:	022693975
Кіммен берілді:	ҚР ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
Беру күні:	25.11.2008
СТН:	
Мекенжайы :	Астана қаласы, Құйшидина 46
Пошталық индексі:	
Телефон:	
E-Mail:	

Пікір қалдырыңыз

## 5-сурет. 3-2 қадам. Қажетті құжаттарды тіркеу

	тосық өзбек қырғыз украин коріс қытай
Фильмнің түрі :	Анимациялық
Шығарушы-ел берген көрермендердің жас шегі (индекс) :	E14
Фильмді пайдалану құқығының санаты :	Исключительное право
Фильмді пайдалану аумағы :	Казахстан
ҚР аумағында фильмге құқық тиесілі :	Казахфильм

**Қоса берілетін құжаттар:**

фильмге көрермендердің жас шегін анықтау үшін барлық көріністерін суреттей отырып, фильмнің мазмұны туралы ақпаратты қамтитын фильмнің аннотациясы; :

отандық немесе бірлесіп түсірілген фильмдерде пайдаланылатын әдебиет және өнер туындылары туралы мәліметтер :

өтініш берушінің фильмге немесе оны пайдалануға құқығын растайтын құжаттары (авторлық шарттардың және (немесе) лицензиялық келісімдердің көшірмелері) :

C:\Documents and Settings\User\Рабочий ст

C:\Documents and Settings\User\Рабочий ст

C:\Documents and Settings\User\Рабочий ст

Жұлдызшамен \* белгіленген өрістер. Міндетті толықтырылуға жатады!

## 6-сурет 3-3 қадам. Сұрауға қол қою

Заңнама | Электрондық лицензиялау | Салық төлеушінің кабинеті | Азаматтар мен үкімет | АРУСОВ АЙДОС

**e.gov** МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу

Мысалы: *Мекенжай анықтамасы*

Call-орталық **1414** ҚАЗ  
8-800-080-7777 РУС  
(қоңырау шалу тегін) ENG

Нейін

**Фильмге прокат күәлігін беру**

1 Қадам  Деректерді толтыру

2 Қадам  Қол қою

**Сертификаттың деректері**

ЖСН:	761009301949
E-mail:	AIDOS.ARUSOV@MAIL.RU
Тегі:	АРУСОВ
Аты:	АЙДОС
Әкесінің аты:	ЕРМЕКОВИЧ
Қолданыстағы мерзімі:	16.02.2012 18:15:21 - 15.02.2013 18:15:21

Пікір қалдырыңыз

## 7-сурет. 4 қадам. Сұрауды жұмысқа қосу жөнінде хабарландыру

Заңнама | Электрондық лицензиялау | Салық төлеушінің кабинеті | Азаматтар мен үкімет | АР/СОВ АЙДОС

**e-gov** МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу  
Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Сәл-орталық **1414** ҚАЗ  
8-800-080-7777 РҮС  
(қоңырау шалу тегін) ENG

Негізгі | Көмек

**Фильмге прокат куәлігін беру**  
Өтініштің деректері :

ЖСН:	761009301949
Сауалдың нөмірі:	10100019726315
Өтініштің мәртебесі:	Келіп түскен өтініштер
Өтінішті берудің мерзімі:	12.01.2013

Тарихқа көшу | Өтінішті қарал шығу

Хабарлана | Құжаттар

Күні уақыты	Хабарлана	Орындаушы	Бөлімше
12.01.2013 20:12	Сіздің өтініш сәтті түрде қабылданды. Қызмет атауы: [С001] Мұрағаттық анықтамаларды беру Өтініш нөмірі: 01000000904 Өтініш беру күні және уақыты: 1/12/2013 2:12:51 PM		Астана қаласы

© Қазақстан Республикасының Электрондық үйіметі  
Портал туралы | Сайт картасы | Кері байланыс

Қалені байқадыңыз ба? Ctrl Enter  
Белгілеп, үстінен басыңыз.

Қазір порталда : 1207  
Бүгін келіп кеткендер : 10546

«Фильмге прокаттау куәлігін беру»  
электрондық мемлекеттік қызметі  
регламентіне  
3-қосымша

### 1-Кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-ірекетінің сипаттамасы

1	2	3	4	5
Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4
2 ҚФБ атауы	Тұтынушы	ЭҮП	Тұтынушы	ЭҮП
3 Іс-әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операциялар) және олардың сипаттамасы	ЭҮП ЖСН және паролі бойынша авторизацияланады	Тұтынушының деректеріндегі бұзушылықтармен байланысты бастарту хабарламасын қалыптастырады	Тұтынушының ЭЦҚ тандаумен қызметті тандайды және сауалды деректерін қалыптастырады	Тұтынушының ЭЦҚ деректеріндегі бұзушылықтардың болуына байланысты бас

					тарту туралы хабарламаны қалыптастырады	к к /
4	Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат шешімдердің мәліметтері)	Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару	Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару	Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	( (
5	Орындалу мерзімі	30 сек. – 1 мин	30 сек	1,5 мин	1,5 мин	3
6	Келесі іс-әрекеттің орындалуы	2 – егер тұтынушының деректерінде бұзушылықтар бар болса; 3 – егер авторизациялану сәтті өтсе	-	4 – егер алушының деректерінде бұзушылықтар бар болса; 5 – егер бұзушылықтар жоқ болса	-	-

## 2-Кесте. Қызмет көрсетуші арқылы ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

1	Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4	5
2	ҚФБ атауы	Қызмет көрсетуші	Қызмет көрсетуші	Қызмет көрсетуші	ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ	Қызмет көрсетуші
3	Іс-әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операциялар) және олардың сипаттамасы	ЖСН және паролі арқылы қызмет көрсетушінің АЖО авторизацияланады	Қызмет көрсетуші қызметкерімен қызметті таңдауы	ЖТ МДҚ/ЗТ М Д Қ алушының деректері туралы сұрау салуды жіберу	ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ алушының деректері болмауы туралы хабарламаны қалыптастыру	Сканерлен құжаттард тіркеумен Э Ц Қ куәландыр сауал салу нысанын толтыру
4	Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат шешімдердің мәліметтері)	Өтінімге нөмір берумен сауал салуды жүйеде тіркеу	Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару	Сауалды бағыттау	Дәйектендірілген бас тартуды қалыптастыру	Сауал сал бағыттау
5	Орындалу мерзімі	10 – 15 сек	10 сек	1,5 мин	10 - 15 сек	10 - 15 сек
6	Келесі іс-әрекеттің орындалуы	-	-	4 - егер бұзушылықтар болса, 5 – егер бұзушылықтар болмаса	-	6

«Фильмге прокаттау куәлігін беру»  
электрондық мемлекеттік қызметі  
регламентіне  
4-қосымша  
нысан



Құжат электрондық үкімет жүйесінде құрылған  
Документ сформирован системой электронного правительства

Бірегей нөмір  
Уникальный номер  
Берілген күні  
Дата выдачи

00000000111

Астана қ.

**Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі**  
**Мәдениет комитеті Фильмге прокаттау куәлігі**

Фильмнің атауы \_\_\_\_\_

Форматы \_\_\_\_\_ Серияларының саны \_\_\_\_\_ Хронометражы \_\_\_\_\_

Жанры \_\_\_\_\_ Түрі \_\_\_\_\_

Шығарушы-ел берген көрерменнің жас шегі (индексі) \_\_\_\_\_

Шығарушы–студия \_\_\_\_\_

—  
Шығарушы-ел \_\_\_\_\_ Шыққан жылы \_\_\_\_\_

—  
Сценарийдің авторы \_\_\_\_\_ Қоюшы-режиссер \_\_\_\_\_

Қоюшы-оператор \_\_\_\_\_ Қоюшы-суретші \_\_\_\_\_

Музыкалық шығарманың авторы \_\_\_\_\_

Тілі, дубляждау тілдері (олар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аумағында фильмге құқығы \_\_\_\_\_ тиесілі


Фильмді пайдалану құқығының санаты \_\_\_\_\_ Фильмді пайдалану құқығының  
қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_ дейін

Көрерменнің жас шегіне қарай фильмнің индексі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Уәкілетті тұлғаның тегі және аты-жөні)

Осы құжат «Электрондық ұжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы  
№ 370-П ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасымалдағы құжатқа тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»  
равнозначен документу на бумажном носителе.



\*Штрих-код «Электрондық мәдениет комитеті» ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық цифрлық қолтаңбамен код қойылған деген  
ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің Мәдениет комитеті (Астана қаласы)

Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный комитет по культуре» и подписанные элек  
тронной цифровой подписью Комитет по культуре Министерства культуры и информации РК (город Астана)

«Фильмге прокаттау куәлігін беру»  
электрондық мемлекеттік қызметі  
регламентіне  
5-қосымша  
нысан

## Электрондық мемлекеттік қызметтерінің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнама

### (қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және  
нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың  
сапасына қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.